

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 1 ақпан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және шақырылғандар! Сіздердің қарауларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Айта кету керек, Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа қосылу жөніндегі өтпелі ережелерге сәйкес 2015 жылы 24 ай ішінде Қырғыз Республикасының аумағында орналасқан барлық өткізу пункттерін жайластыру және материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтамасыз етуге міндеттеме алған болатын.

Бұл ретте міндеттемелерді толық орындау мақсатында аталмыш хаттамаға үш рет өзгерістер де енгізілді, яғни үш рет ұзартылды. Алайда әртүрлі күрделі себептерге байланысты Қырғыз Республикасы көрсетілген мерзімде міндеттемелерді толық орындауға үлгермеді. Сондықтан мемлекет басшылары 2023 жылғы 25 мамырда Мәскеу қаласында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы шеңберінде төртінші рет 96 айдан 108 айға өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойды, яғни хаттама міндеттерін 2024 жылғы 12 тамызға дейін ұзарту ұсынылады.

Қазіргі таңда Қырғыз Республикасындағы он төрт өткізу бекетінің он үші толығымен жаңғыртылды. Қырғызстан және Тәжікстан шекарасындағы бір өткізу бекеті – «Қызыл бел» бекеті бойынша жұмыстар әлі жалғасуда. Ол жақын арада аяқталады деп күтілуде, себебі бүгінде оған барлық ресурстар жұмылдырылған.

Қаралып отырған келісімді ратификациялау республикалық бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкелмейді.

Құрметті әріптестер, осы хаттаманы ратификациялау туралы заңды мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет. Баяндама аяқталды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа кіруінің негізгі шарттарының бірі сыртқы шекарадағы кедендік инфрақұрылымды одақ талаптарына сәйкестендіру болды. Қырғыз Республикасының одаққа қосылу шарты шеңберінде 14 өткізу пункті жаңғыртылуға тиіс болды. Бүгінгі күні жаңғырту бір пунктте ғана аяқталған жоқ. Осыған байланысты мынадай сұрақтар туындайды.

Осы өткізу пунктінің жұмыс істемеуі Қазақстаннан және Қазақстанға, оның ішінде Қырғыз Республикасы арқылы транзитпен әкелінетін тауарлардың өту жылдамдығына қаншалықты әсер етеді?

Барлық қазақстандық өткізу пункттері одақ талаптарына сәйкес келе ме? Егер олай болса алдағы бес жылда оларды жаңарту үшін қанша қаражат қажет?

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Темірбеков Дәурен Оденұлы, жауап беріңіз.

ТЕМІРБЕКОВ Д.О. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бірінші сұрақ бойынша айтсақ, айтылған жаңғыртуға жататын бір өткізу пункті Қырғызстан мен Тәжікстан республикалары арасында орналасқан. Сондықтан қандай да бір тауар айналымына ол кері әсер етпейді, Тәжікстаннан келетін тауарлар бізге Өзбекстан арқылы транзитпен келеді.

Екінші сұраққа келсек, жаңғырту бойынша біздің сыртқы шекарадағы барлық өткізу пункттері одақтың талаптарына сәйкес келеді, алайда модернизация бойынша жұмысты біз 2022 жылы бастадық. Жалпы сыртқы шекарада он төрт өткізу пункті бар, соның бесеуі жаңғыртудан өтті немесе жаңғыртуға жатпайды. Қазіргі таңда жаңғыртудан өтіп жатқан 9 автомобиль пункті бар. Олардың жұмысын аяқтау осы жылдың соңына дейін жоспарланып отыр, тиісті қаражат қарастырылған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ершов Сергей Михайловичқа беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, Маулен Сагатханулы.

Вопрос к Министерству финансов.

Кыргызская сторона, подписав данный протокол в 2015 году, обязалась модернизировать свои пункты пропуска на таможенной границе. В дополнение к этому была принята Дорожная карта, включающая в себя мероприятия по решению различных актуальных вопросов, в том числе в области таможенного, пограничного и транспортного контроля. Одним из пунктов Дорожной карты предусмотрено открытие на кыргызско-казахстанской государственной границе упрощенных пунктов пропуска без проведения таможенного контроля.

Мы уже четвертый раз рассматриваем этот вопрос. В связи с этим следующие вопросы.

Сколько упрощенных пунктов пропуска открыто с момента принятия данного документа?

Осуществлена ли интеграция киргизских электронных таможенных систем с нашими казахстанскими аналогичными системами?

Как сейчас проходит процесс таможенного контроля? Спасибо.

ТӨРАҒА. Дәурен Оденұлы, жауап беріңіз.

ТЕМІРБЕКОВ Д.О. Сұрақтарыңызға рақмет.

По первому вопросу. На сегодня между Казахстаном и Кыргызстаном имеются восемь пропускных пунктов (семь автодорожных и один железнодорожный). Через эти пункты также производится пропуск физических лиц. По сути, все эти пункты пропуска являются упрощенными, поскольку там не проводится таможенный контроль, так как между Казахстаном и Кыргызстаном это внутренняя граница в ЕАЭС.

По информационным системам. Не только между Казахстаном и Кыргызстаном интегрированы информационные системы, а интеграция произошла в отношении всех пяти стран-участниц. Есть единая интегрированная система ЕАЭС, куда с определенной

периодичностью все информационные системы передают данные, соответственно, каждая страна-участница имеет доступ к этим данным.

Как проводится контроль? Если, например, груз идет из Китая транзитом через Кыргызстан в Казахстан, тогда таможенный контроль проводится именно на внешней границе между Кыргызстаном и Китаем. Соответственно, вносятся данные в эту интегрированную информационную систему, и наши сотрудники Комитета государственных доходов имеют доступ через свою систему к этим данным. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылған күннен бастап он жылға жуық уақыт өтті. Алайда Еуразиялық экономикалық одақ ішінде қатысушы елдердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы бойынша жағдайлар әлі де туындауда. Сонымен қатар сарапшылардың пікірінше өзара кедергілер мен шектеулер өте көп. Мұндай проблемалар ұйымның өзінде ғана емес, сонымен қатар оның халықаралық имиджіне кері әсер мен сенімсіздік тудырады. Егер ЕАЭО шеңберінде бүгін біз Еуразияның жаңа транспорттық жүйесінің негізін қалыптастырып жатқанымызды ескеретін болсақ, онда ағымдағы және қордаланған проблемаларды тиімді шешуіміз қажет.

Осыған байланысты ЕАЭО аясында барлық орындалмаған міндеттемелер мен өзара талаптар бойынша түгендеу, сараптау жұмыстары жүргізілді ме деген сұрақ туындайды. Аталған мәселелер бойынша нақты айтып берсеңіз.

ТӨРАҒА. Дәурен Оденұлы, жауап беріңіз.

ТЕМІРБЕКОВ Д.О. Сұрағыңызға рақмет. Ондай жұмыс жүргізіледі, оған бізде жауапты орган – Еуразиялық экономикалық комиссия. Соның жұмысы шеңберінде 2016-2017 жылдары тиісті «ақ кітап» (белая книга) деген жүзден аса кедергілер мен шектеулерді қарастыратын құжат жарияланған болатын. Сол шектеулерді жою бойынша тиісті жол карталары да қабылданған болатын. Ол жол карталарының қорытындылары үкімет басшыларының қатысуымен сол жерде жарияланады. Міне, бүгін Алматыда осы үкімет басшылары кездеседі, сонда да жарияланатын болады. Қазақстанның атынан уәкілетті орган Сауда және интеграция министрлігі.

Бұдан басқа 2021 жылы тиісті әдіснама әзірленген болатын. Бұл кедергілерді біздің заңнамадан алып тастау регламенттелген. Біз қалай осы шектеулерді жоямыз? Тиісті реестр бар. Ол реестрді Еуразиялық экономикалық комиссия жүргізеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Рассматриваемым протоколом предлагается продлить для Кыргызской Республики срок проведения модернизации пунктов пропуска на таможенной границе Евразийского экономического союза с 96 до 108 месяцев в соответствии с требованиями регулирующих таможенные правоотношения международных договоров и актов, составляющих право Евразийского экономического союза.

В соответствии с переходными положениями по присоединению к Евразийскому экономическому союзу Кыргызская Республика взяла на себя обязательство по обеспечению обустройства и материально-техническому оснащению всех пунктов пропуска Кыргызской Республики на таможенной границе ЕАЭС в течение 24 месяцев.

Однако вследствие определенных обстоятельств до конца не завершено обустройство и материально-техническое оснащение одного оставшегося необустроенного пункта пропуска, в связи с чем возникла необходимость очередного продления срока.

Считается, что данные сроки в полной мере достаточны Кыргызской Республике для завершения модернизации пунктов пропуска.

Уважаемые коллеги, учитывая свободное перемещение товаров в государствах – членах ЕАЭС, ратификация данного протокола позволит Кыргызской Республике завершить модернизацию пунктов пропусков на внешней границе ЕАЭС, а также обеспечит защиту от провоза контрабандных товаров, лжетранзита на территорию ЕАЭС из третьих стран и значительно увеличит суммы поступлений таможенных и налоговых платежей в рамках ЕАЭС.

Уважаемые коллеги! Реализация настоящего закона повысит уровень сотрудничества между сторонами в целях защиты экономических и общественных интересов, а также упростит и оптимизирует процедуры таможенного контроля на территории ЕАЭС.

Учитывая вышеизложенное, предлагаю поддержать данный закон.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Бұл заң бір топ Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленген.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және отырысқа қатысушылар! Сіздердің қарауларыңызға Мәжіліс қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр. Заң Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген.

Заңды қабылдаудағы негізгі мақсат – білім беру саласындағы және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау туралы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады. Заң жетім балалар үшін тәлімгерлік институтын енгізуді, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және білім беру ұйымдарының басқару еркіндігін кеңейтуді көздейді.

Заңның негізгі бағыттарына тоқталсақ:

Бірінші. Жергілікті әкімдіктер білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тиісті аумақтың білім беруді дамыту жоспарының жобасын әзірлеуі және оны мәслихаттың бекітуіне ұсынуы туралы норма. Сондай-ақ жергілікті әкімдіктер тиісті аумақта білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндеттейтін және апаттық жағдайға жол бермеу мен сейсмикалық орнықтылығын арттыру мақсатында олардың жай-күйін бақылауды бес жыл сайын жүзеге асыру туралы нормалар ұсынылған.

Екінші. Балалардың қауіпсіздігі үшін терезелерді қауіпсіздік құлыптарымен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы норма ұсынылған. Жаңа ықшам аудандарда көппәтерлі тұрғын үй салу кезінде құрылыс-жобалау құжаттарында әлеуметтік маңызы бар білім беру және денсаулық сақтау объектілерінің міндетті түрде болуын ескеру туралы нормалар енгізу көзделген. Бұл өз кезегінде үш ауысымды мектептер мәселесін шешуге, сапалы білім беруге және тұрғындарға қолжетімді медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Үшінші. Арнайы білім беру ұйымдарындағы жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өз бетінше өмір сүруге дайындалуына жеке қолдау мен көмек көрсетуге бағытталған тәлімгерлік қызметін енгізу қаралып отыр. Аталған норманы қабылдау балаларды толыққанды әлеуметтендіруге, психологиялық қолдауға және әлеуметтік қорғауға ықпал етеді.

Төртінші. Оқу процесінде ұялы телефондарды пайдалануға шек қоюды енгізу, тестілеусіз бірінші сыныпқа қабылдау, балабақшаларға орын беру бойынша бірыңғай кезектілікті қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықты насихаттайтын,

діни сипаттағы ақпараттың таралуына жол бермеу, суицидке шақыруды болдырмау шараларын қабылдауды көздейтін нормалар ұсынылған.

Бесінші. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау тәртібіне өзгерістер енгізу, осы ұйымдарда медициналық, фармацевтикалық және педагогикалық білім беру бағдарламаларын іске асыруға қашықтықтан оқытуға жол бермеу, сондай-ақ білім беру ұйымдарының бірінші басшыларына әкімшілік және көмекші персоналдың штат саны мен штат кестесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қаржы жылы ішінде бір рет қана өзгертуге құқық беру туралы нормалар беріліп отыр.

Қорыта айтқанда, заң білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамадағы құқықтық олқылықтарды жою мақсатын көздейді және еліміздегі білім берудің сапасын арттыру мен реттеудің ұлттық жүйесінің тиімділігін одан әрі күшейтуге бағытталған.

Құрметті әріптестер! Заң бас комитеттің жұмыс тобының отырыстарында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертпелер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Заңды қабылдау теріс және өзге де жағымсыз әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Мәжіліс қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Оқу-ағарту министрлігінің өкіліне және заң бастамашысына арналады.

Сұрақтар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және онымен күресу, сондай-ақ қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыру тұрғысынан орта білім беру ұйымдарында білім беру сапасын қамтамасыз етуге қатысты. Парламент өткен жылы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жауапкершілікті күшейтетін заңнамалық түзетулерді қабылдағаны белгілі. Бұл ретте Ішкі істер министрлігінің тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне арналған аналитикалық есебінде аталмыш салада құқықтық жауапкершілікті күшейтумен қатар оның түпкі себептерін, нақты айтқанда қоғамдағы моральдық құндылықтар деңгейінің, отбасы институты рөлінің төмендеуіне жол бермеу, сондай-ақ осы мәселелерді шешуде барлық мүдделі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасап, кешенді жұмыс атқаруы қажет екені атап өтілді.

Сонымен қатар 2023 жылдың маусымында Мемлекет басшысы Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқасында сөйлеген сөзінде жастардың құқықтық сауаттылық

деңгейінің төмендігін, оның салдары ауыр болуы мүмкін екендігін айтқан болатын. Осыған байланысты мынадай сұрақтар туындап отыр.

Жалпы білім беретін мектептерде отбасы өмірінің негіздері, ондағы қарым-қатынас этикасы және балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша қосымша білім беру пәндерін, оның ішінде ұлттық салт-дәстүр элементтерін, яғни ұлттық педагогиканы пайдалана отырып енгізуге қатысты көзқарастарыңыз қандай? Бүгінгі оқушылар болашақ ата-ана емес пе!

Сонымен қатар құқықтық сауаттылық негіздерін бастауыш сыныптардан бастап енгізуге қатысты пікірлеріңіз қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Наталья Васильевна, жауап беріңіз.

ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. Сұрағыңызға рақмет. Рұқсат болса орыс тілінде жауап берейін.

На сегодня остро стоит вопрос о том, чтобы мы подготовили детей, готовых к жизни и к любым жизненным ситуациям. Также это затрагивает вопросы правового характера, навыков и компетенций, связанных со здоровым образом жизни, культурой поведения, национальными традициями.

Поэтому сегодня говорить о том, что мы будем вводить дополнительные предметы, мы не можем в какой-то степени. Почему? Дело в том, что сегодня недельная учебная нагрузка на наших детей значительно превышает нагрузку в странах ОЭСР. Если мы будем вводить дополнительные предметы, соответственно, это еще больше будет влиять на здоровье детей, на ментальное, психологическое здоровье ребенка. Поэтому государственным органом принято решение о том, чтобы ввести один предмет, который называется «глобальные компетенции», в рамках которого прививаются навыки детям, которые необходимы для социализации ребенка.

Что касается усиления воспитательного компонента, то в 2023 году разработана воспитательная программа «Біртұтас тәрбие», которая полностью базируется на национальных ценностях. Также национальные ценности «ұлттық құндылықтар» легли в перерабатываемый государственный образовательный стандарт. Мы стараемся через основные национальные ценности ар-ұждан, ұят, намыс внедрять наш образовательный компонент, именно через эти воспитательные компоненты.

Также я хочу сказать, что на сегодня воспитание и развитие детей осуществляется через содержание образования. Поэтому сквозные воспитательные темы, касательно и правового воспитания, которые непосредственно есть в предметах, также через межпредметные связи мы внедряем. Начиная с начальной школы, через предметы «познание мира», «литература», в дальнейшем через другие предметы усиливаются компоненты правового воспитания, здорового образа жизни, ОБЖ.

Единственное, о чем я хочу сказать, когда у нас происходят вызовы техногенного или природного характера, мы видим, что наше население не готово правильно реагировать. Соответственно, мы готовы совместно с соответствующими уполномоченными государственными органами внести изменения в наше содержание, чтобы действительно те

компетенции, которым мы обучаем детей, формировали правильное поведение в любой ситуации. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Нұртөре Байтілесұлы, бастамашылардың тарапынан қосарыңыз бар ма?

ЖҮСП Н.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Абай атамның он тоғызыншы қара сөзінде «адам туғаннан есті болмайды, есті кісілердің сөзін ескеріп, жақсыны айырып, жаманнан сақтанса есті болады» деген сөз бар. Сондықтан да бала тәрбиесі, ұлттық тәрбие өте маңызды деп есептейміз. Бұл заң жобасын қолға алғанда да осы негізгі мәселелер ұрпақ тәрбиесіне бағытталғандығын айта кеткім келеді. Өзім Парламенттегі қызметте де осы ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар туралы жиі мәселе көтеріп келе жатырмын.

Заң жобасында негізінен кез келген радикалды ақпараттарды таратпауға қатысты нормалар енгізіліп отыр. Бұл өте маңызды деп есептеймін. Сонымен бірге «Білім туралы» Заңның 43-бабының 3-тармағына жаңа 20) тармақша қосылып отыр. Оның ішінде зорлық-зомбылықты насихаттайтын, баланың рухани кемелденуіне кедергі келтіретін жат ағымдарға, неше түрлі ақпараттардың жетегінде кетпеуге бағытталған біраз жақсы нормалар енгізіліп отыр. Оқу процесіне қатысы жоқ ақпараттарды, сонымен бірге суицидке итермелейтін жағдайлардың алдын алуға байланысты біраз жақсы нормалар қарастырылды.

Әріптесіміз Советбек Тұрсынұлының қойған сұрағына рақмет. Жалпы құқықтық сауаттылық мәселесі әрбір ұрпақтың саналы, салауатты азамат болып өсіп шығуы үшін өте керекті нәрсе ғой деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства просвещения.

Одними из важных концептуальных новелл рассматриваемого закона об образовании являются введение понятия «качество образования» и наделение акиматов областей, городов республиканского значения и столицы компетенцией по обеспечению качества предоставления образования в государственных дошкольных организациях и организациях среднего образования.

Проблемные вопросы по качеству среднего образования неоднократно поднимались депутатами на различных площадках по обсуждению проблем сферы образования, поскольку уровень полученного среднего образования оказывает в последующем влияние на качество обучения в колледжах и вузах, может привести к недостаточной квалификации выпускников, создать проблемы с трудоустройством молодежи либо дальнейшим их продвижением по социальной лестнице.

С учетом вышеизложенного у меня следующие вопросы.

Какие меры планирует принять ваше министерство по дальнейшему повышению качества среднего образования в стране?

Как будет осуществляться взаимодействие с акиматами по реализации закона?

Кроме этого, требует дальнейшего решения и вопрос полного охвата детей различными кружками и секциями в рамках дополнительного образования, поскольку это также способствует получению качественного образования. Какая работа проводится министерством в данном направлении? Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Наталья Васильевна, жауап беріңіз.

ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. Благодарю за вопросы.

На самом деле вопрос качества образования стоит сегодня на повестке дня очень остро. Мы знаем, что те внешние оценки качества образования, которые осуществляются в рамках международных договоренностей (PISA, TAILS, TIMSS), к сожалению, показывают, что учащиеся Казахстана сегодня значительно отстают от многих европейских и азиатских стран. Поэтому, во-первых, мы усилили понятие качества образования в данном законопроекте, а также сформировали понятие культуры качества. Полагаем, что данные нормы обеспечат... Ранее понятие культуры качества соотносилось с высшим учебным образованием. Но сейчас планируем, что каждая организация образования формирует свой план развития. Согласно данному плану развития формируется культура повышения качества образования через повышение квалификации педагога. В этой связи министерство вносит изменения в правила аттестации и формирует аттестацию не как средство повышения заработной платы педагога, повысив свой квалификационный уровень, а как непрерывное развитие профессиональных навыков педагогов.

Что касается наделения местного исполнительного органа компетенцией по формированию качественного образования в своем регионе, то качество образования формируется из многих параметров, в том числе это образовательная комфортная среда, безопасная, что входит в компетенцию местного исполнительного органа. Также мы наделяем местный исполнительный орган компетенцией по формированию регионального плана развития системы образования, который будет включать инфраструктурное развитие, развитие материально-технической базы, развитие педагогов, правильное распределение грантов на педагогические специальности в организациях среднего и технического образования.

Мы говорим о том, что чем раньше ребенок заходит в систему образования, тем качественнее человеческий капитал.

Охват детей дошкольным образованием – очень острая на сегодня тема. Мы прорабатываем вопросы не просто охвата детей образованием, то есть от количественных показателей, мы совместно прорабатываем программы поэтапного развития дошкольных организаций.

Вместе с тем изменены государственные образовательные стандарты, разработана отдельная модель развития дошкольного образования, тем самым сегодня качественное

образование – это не только качественное среднее образование, это непрерывное образование от дошколы до ТиПО. То есть все три уровня, которыми мы занимаемся.

В рамках взаимодействия между Министерством просвещения и областными акиматами нами заключены меморандумы и разработаны дорожные карты по развитию системы образования регионов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Наталья Васильевна, продолжая тему качества образования, в декабре 2023 года мы получили свежие результаты международной оценки качества образования по линии ОЭСР «PISA-2022». Нужно сказать, что немножко удручает отсутствие динамики роста результатов наших школьников, а по некоторым параметрам мы видим ухудшение ситуации. В частности, особо настораживает ситуация с читательской грамотностью. Падает читательская грамотность среди школьников. Более того, наши школьники отстают от своих сверстников в странах ОЭСР на три года.

Вроде бы безобидная категория – читательская грамотность, но это же показывает системные проблемы, показывает проблему того, что сегодня дети больше вовлечены в социальные сети, смотрят TikTok, YouTube. Наверное, это тоже хорошо. Но в результате меньше читают наши школьники, меньше читают серьезную литературу, художественную литературу прежде всего. В результате этого они теряют очень важный навык для дальнейшей жизни. Без читательских способностей, наверное, очень сложно дальше формировать хорошего специалиста, хорошего профессионала. На первый взгляд кажется, что не так все страшно, но в реальности это приведет к тому, что мы в дальнейшем теряем какое-то поколение, из них будет сложно, наверное, сформировать сильных профессионалов, если у них не будет навыков к чтению. Собственно, с этого все начинается.

Поэтому, мне кажется, в этом направлении, наверное, нужна какая-то специальная программа в рамках Министерства просвещения по повышению читательской грамотности наших школьников. Это во-первых.

Во-вторых, результаты PISA и другие какие-то системы оценки качества образования в нашей стране имеются. По PISA получили мы результаты. И на этом что? На этом забыли? Надо же какие-то выводы делать, составлять какой-то план действий, что-то менять. Мы же все согласны, что более или менее PISA – это такой инструмент, который мы можем использовать в системе образования для оценки наших школьников и сравнивать их со школьниками других стран.

Если мы в целом более или менее принимаем этот инструмент, если есть результаты, надо же делать какие-то последующие шаги, менять ситуацию. В этом плане мы ожидаем, что вместе с нашим соответствующим комитетом Сената какие-то меры в этом направлении будут обсуждаться, реализовываться. В целом, наверное, нужно очень серьезно относиться к такого рода результатам международных исследований.

Пожалуйста.

ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. Маулен Сагатханулы, Вы, конечно, правильно говорите, читательская грамотность – это не просто умение прочитать, это умение правильно прочитать, умение критически оценить материал, который там написан, и умение

детализировать. К сожалению, наши школьники в основном отвечают на вопросы более легкого порядка: прочитал и что он понял. А по вопросам аналитического характера, требующим синтеза, они имеют сложности. Поэтому в целом для привития навыка чтения, любви к чтению сегодня разработан проект «Читающая нация». Мы значительно увеличиваем фонд художественной литературы в библиотеках. К сожалению, он был утраченный и устаревший. Эта работа в течение двух лет уже активно ведется.

Но самое главное, чтобы повысить читательскую грамотность, именно функциональную грамотность, это уже образовательная задача, которую сегодня мы закладываем в наш образовательный стандарт. Начиная с перехода к обновленному содержанию образования, с 2016 года, навыки формирования функциональной читательской грамотности уже начали прививаться. Поэтому, может быть, не такой большой разрыв 2022 года результатов.

Что касается в целом повышения качества и дальнейшей работы по итогам исследований, уже второй год, как мы ввели свой национальный инструмент – МОДО, который приближен к инструментам PISA, чтобы проводить самим ежегодные исследования. Если PISA охватывает около 80 процентов наших школьников, то МОДО будет охватывать 100 процентов школьников, чтобы выявить в целом ситуацию у нас в стране и принять управленческие решения. Это первое.

Второе. Сейчас нами совместно с экспертным сообществом разработан проект Национального доклада «Качественное образование, доступное для всех». Согласно этому документу мы совместно с местными исполнительными органами составляем дорожные карты. Но не такие дорожные карты, как всегда, составляются, а мы переходим к конкретной дошкольной организации. Мы не говорим, что надо охватить 50 педагогов курсами повышения квалификации, мы точно определяем, какому педагогу и какой организации в первую очередь необходимо оказать помощь. То есть эти работы с нашей стороны уже предпринимаются.

ТӨРАҒА. Хорошо, что предпринимаются. Ждем теперь конкретных результатов этой работы. Будем надеяться, что эти результаты будут в дальнейшем находить отражение в оценках PISA и других международных систем.

Келесі сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Оқу-ағарту министрлігінің өкіліне.

Бүгінгі күні қоғамда жасөспірімдер арасында болып жатқан жағдайларға байланысты тәлімгерлік институты қажет. Жетім балалар, сонымен қатар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлердің болуы дұрыс деп ойлаймын.

Баршамызға мәлім, кейінгі кезде наркологтың, психиатрдың анықтамалары дәрігердің пациентті тікелей қарауынсыз-ақ «e-Gov» жүйесі арқылы беріледі.

Тәлімгерлік ұйымдары тәлімгерлердің заңсыз әрекеттерінен балалардың қауіпсіздігіне кепілдік бере ала ма? Маскүнемдер бар, психикасы ауытқыған адамдар бар, солар барғанда балалардың қауіпсіздігіне, өміріне қатер келтірмей ме? Осы жағын қарастырдыңыздар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Наталья Васильевна, жауап беріңіз.

ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. Большое спасибо за вопрос.

На самом деле этот вопрос уже не первый раз выносится на повестку. В 2018 году также хотели, чтобы этот институт был легализован, тогда была попытка внести как волонтерство. Вместе с тем, так как не было достаточной практики, анализа практики волонтерской, наставнической деятельности по оказанию помощи детям, оставшимся без попечительства, данные нормы тогда не были приняты.

На сегодня у нас есть практика применения, 280 наставников работают с воспитанниками детских домов. Эта норма распространяется только на воспитанников детских домов. На сегодня поступило 4100 заявок от людей, которые хотят в свое свободное время заниматься такими детьми и способствовать их социализации.

Вместе с тем, чтобы минимизировать все риски того, что ребенок может попасть в токсичную ситуацию, мы при разработке проекта совместно с депутатами, иницилирующими этот закон, отзеркалили все требования, которые предъявляются к наставникам, такие же, как и те требования, которые предъявляются к усыновителям и удочерителям. Мы сделали это зеркально. Поэтому люди, имеющие судимость и не соответствующие квалификационным требованиям, не могут стать наставниками.

Также применяется психотест, чтобы определить, и идет сопровождение, заключается между наставником и детской организацией договор. Согласно этому договору при любом исследовании, в беседе с ребенком, если ребенок высказал недовольство наставником, который оказывает ему услугу, в одностороннем порядке договор будет расторгнут.

С другой стороны, эта норма нужна, потому что это те дети, которых не усыновляют, которых не готовы взять семьи по разным причинам, это могут быть дети с хроническими заболеваниями, это могут быть несколько детей из одной семьи, которых не хотят брать. Если у них будет возможность посещать семьи, с ними посещать спортивные секции, театры, просто общаться, видеть, что такое семейный обед или просто повышенное внимание к этому ребенку, мы думаем, что эта норма будет благотворно влиять на детей.

Вместе с тем уже практика применения есть. Все договоры мы с юристами четко проработали, все требования для минимизации и недопущения не соответствующих критериям людей к наставничеству проработаны.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован Министерству просвещения.

Я хотела в продолжение и дополнение вопроса коллеги Галиаскар Төлөндіұлы касательно статьи 28-2 Закона «О правах ребенка в Республике Казахстан» задать следующие вопросы.

1. Как компетентным органам определить лицо, придерживающееся нетрадиционной сексуальной ориентации?

2. Как определить лицо, употребляющее психоактивные лекарственные вещества и наркотики, за исключением лиц, состоящих на учете в наркологическом или психоневрологическом диспансерах? Возможно ли для точного определения наличия наркотических веществ в организме лица, претендующего на наставника, требовать результат лабораторных исследований?

3. Какие сроки информирования подразумеваются под определением «незамедлительно информировать органы, осуществляющие функции по опеке или попечительству», либо каким нормативным правовым актом регламентированы эти незамедлительные сроки, если ребенок находится в ситуации, угрожающей его жизни или здоровью? Спасибо.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. Благодарю за вопросы.

Определить, является ли кандидат нетрадиционной ориентации либо употребляет наркотические средства, у нас есть психотест, ряд опросников и наблюдений, а также есть обязательное требование предоставления документов из соответствующих медицинских организаций.

В дальнейшем ребенок, который попадает в зону наставничества, всегда находится под наблюдением. Есть психологическая служба в организации. После каждого посещения ребенка совместно с наставником каких-то мероприятий и выхода из организации всегда проводится беседа с ребенком. Если ребенок будет чувствовать, что этот человек для него токсичен, он всегда имеет возможность сказать об этом. Если он не сможет сам об этом сказать, то психолог, который работает с ним, а также работники организации наблюдательным путем всегда это могут увидеть.

Я педагог с большим стажем, очень глубоко изучала психологию именно такого поведения детей, все психологи уверяют, что ребенок, который попадает в токсичную ситуацию, ребенок, который планирует совершить суицид, всегда обществу, своим родителям, своим близким сигнализирует об этом. И наши психологи, особенно в таких организациях, обучаются этим навыкам – услышать сигнал ребенка. Конечно, это не всегда правильно применяется, об этом мы тоже должны говорить, иначе случаев суицида у нас не было бы. Тем не менее есть механизм, чтобы определить, что ребенок попал для него в нездоровую ситуацию.

Я думаю, что я ответила на вопросы. Подробнее нормативные правовые акты я вам пропишу и дам письменно.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Алтынбек Нухұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның негізгі міндеттері мен мақсаттары жайлы әріптесім Алтынбек Нұхұлы баяндап берді.

Заң жетім балалар үшін тәлімгерлік институтын енгізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім сапасын көтеруге және білім беру ұйымдарының басқару еркіндігін кеңейтуді одан әрі арттыруға бағытталған.

Тәлімгерлік институтын енгізу балаларды толыққанды психологиялық қолдауға және әлеуметтік қорғауға ықпал ететін шара. Бұл қадам аясында 2 мыңға жуық жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы қамту көзделген.

Заңмен алғаш рет жергілікті әкімдіктерге 30 жылдан астам пайдаланудағы білім беру ұйымдарының апаттық жағдайына және сейсмикалық тұрақтылығына әрбір бес жыл сайын тексеруді қамтамасыз ету туралы талап белгіленген. Сондай-ақ жаңа ықшам аудандарда көппәтерлі тұрғын үй салуда білім беру және денсаулық сақтау объектілерінің міндетті түрде болуы және терезе блоктарына балаларды құлаудан қорғайтын қауіпсіздік құлыптарын орнату талаптарын қою қаралған. Өкінішке қарай, 2022 жылы терезеден құлау салдарынан 244 бала зардап шеккен, оның ішінде 20 бала қайтыс болған.

Қазіргі уақытта көппәтерлі тұрғын үй кешендері тұрғындарының балалары жақын орналасқан мектептерге баруға мәжбүр. Аталған норманы қабылдау мектептерде үш ауысымда оқытуды және оқушы орны тапшылығын жоюға, оқу сапасын арттыруға оң әсер етеді.

Сонымен қатар қысқа мерзімді оқу жоспары бойынша талап етілетін жағдайларды қоспағанда, білім алушылардың оқу процесінде ұялы телефондарды пайдалануына заң жүзінде тыйым салу ұсынылып отыр. Мұндай тәжірибе PISA халықаралық жобаларында жоғары ұпай жинаған бірқатар елдерде бар.

Бұл нормалардың қолданысқа енгізілуі білім беруді реттеудің ұлттық жүйесінің тиімділігін одан әрі күшейтуге және білім беру саласындағы ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Құрметті әріптестер, мен заңды қолдаймын және сіздерді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы баларға білім беру, сондай-ақ олардың құқықтарын қорғау мәселелеріне үнемі баса мән беріп келеді.

Президенттің бастамасымен педагогтардың мәртебесін көтеру, осы мамандықты таңдаған студенттердің стипендиясын ұлғайту, балабақша тәрбиешілерінің жағдайын

жақсарту сияқты ауқымды шаралар іске асырылуда. Сонымен қатар еліміздің барлық өңірлерін қамтитын «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды.

Бүгін мақұлданған заң да осы саладағы заңнаманы одан әрі жетілдіруді көздейтін маңызды түзетулер топтамасын қамтиды. Атап айтқанда, балаларға білім беру сапасын арттыруға, оқу орындарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған заңнамалық талаптар бар. Сондай-ақ балалар қауіпсіздігіне қатысты жаңа ережелер де қамтылған.

Осы заң арқылы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тәлімгерлік институты енгізіледі. Жалпы, мақұлданған заң жас ұрпақтың мүдделерін қорғауға тың серпін береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичқа беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! На днях Глава государства в ходе расширенного заседания коллегии Министерства внутренних дел отметил необходимость повышения правовой грамотности населения, противодействия всем обществом проявлениям беспорядка и бескультурья, а также важности недопущения правового нигилизма.

В последние годы в стране участились факты вандализма, умышленного повреждения чужого имущества, в том числе предметов общего пользования в учебных заведениях, на транспорте. Не снижается количество повреждений остановочных павильонов, лифтов в жилых комплексах, новости о которых читаются в сводках криминального характера.

Эти действия грубо нарушают общественный порядок, покой граждан, нормы общественной морали, наносят значительный материальный ущерб и духовный вред обществу. В большинстве случаев подобные деяния совершаются людьми умышленно, они отдают себе отчет, что портят чужое имущество, однако это понимание не останавливает их.

Например, с начала 2023 года в Мангистауской области почти 250 человек привлекли к ответственности за нанесение ущерба в общественных местах. Более 5 тысяч жителей (только вдумайтесь в эти цифры, это население одного населенного пункта) нарушили правила благоустройства, они уничтожали зеленые насаждения и деревья, разрушали объекты инфраструктуры, ломали декоративные конструкции на набережной.

Одним из самых вопиющих случаев вандализма, на мой взгляд, является осквернение кладбищ. Если раньше это делалось с целью наживы, то теперь все чаще это проявление немотивированной агрессии, зачастую проявляемой несовершеннолетними. Например, в конце прошлого года в Актюбинской области несовершеннолетние дети, проходя среди могил, расположенных на окраине поселка, повредили памятники. За своих детей наказание понесли родители, заплатив штраф. И таких примеров, к сожалению, много.

Большой резонанс общественности вызвал в свое время поступок чиновника от культуры, который выбил молотком и отверткой чье-то имя на стенах каньона Ыбыкты-Сай в Мангистауской области. Что движет такими людьми?

Разумеется, действия вандалов преследуются по закону, и нарушитель может быть как оштрафован, так и арестован. Соответствующие законодательные поправки были приняты в начале прошлого года. Однако практика показывает, что действующих мер недостаточно. Мы не видим определенного прогресса в этом вопросе. В связи с этим депутатский корпус Парламента прорабатывает вопрос по дальнейшему усилению ответственности за проявления вандализма.

Также следует отметить, что меры, применяемые со стороны государства, преимущественно направлены на ликвидацию последствий вандализма и привлечение к ответственности виновных. При этом мероприятия по профилактике и искоренению вандализма, особенно подросткового, практически не проводятся.

В связи с этим в целях предупреждения таких противозаконных деяний предлагается следующее.

1. Ужесточить ответственность за вандализм и внести соответствующие изменения в законодательство.

2. Изучить вопрос разработки с участием соответствующих специалистов эффективной системы превентивных мер в молодежной среде. В настоящее время борьба с вандализмом осуществляется в основном в правовом поле посредством наказаний (штрафов, обязательных исправительных, принудительных работ, арестом). При этом без внимания остается специфика мотивов такого поведения.

3. Рассмотреть возможность использования положительного международного опыта. К примеру, в Швеции рассылаются буклеты об опасности вандализма, а по телевидению проводится антивандальная реклама, направленная на молодежную аудиторию. В Сингапуре действуют жесткие законы и штрафы за мусор, вандализм и другие антисоциальные действия. Великобритания создает программы, способствующие снижению преступности и вандализма за счет повышения осведомленности и сотрудничества между жителями и полицией.

4. Проработать участие представителей креативных индустрий в профилактике вандализма, которые через свою продукцию могут предотвратить новые случаи, повысить культуру населения, особенно молодежи, разъяснить доступными способами противоправность таких действий.

О результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по реализации прошу дать письменный ответ в установленные законом сроки».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылқәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Дүйсенова Тамара Босымбекқызына жолданады.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Біздің депутаттық сауалға арқау болған Қарағанды қаласында орын алған жаға ұстатарлық жағдай. Әлеуметтік желіде белгісіз ер адамның жедел жәрдем жүргізушісіне дөрекі сөйлеп, соққыға жыққан видеосы тараған. Науқастың өміріне араша түскен жедел топтың өзіне де көмек керек болды. Соққыдан көзі ісіп кеткен жүргізуші рульге отыра алмағандықтан екінші жедел жәрдем бригадасын шақырған. Шұғыл дәрігерлік көмек күткен бір жастағы сәби де екінші бригаданың келуін күтті, яғни құқық бұзушы бір адамның ғана денесіне жарақат келтірмей, екінші ем күтіп отырған адамның да өміріне қауіп төндірді.

Осындай жағдайлар бұған дейін де бірнеше рет орын алған. Алматыда жедел жәрдем жүргізушісі Николай Кучманы соққыға жыққан Түркия азаматының іс-әрекеті халық арасында қызу талқыланғаны әлі есімізде. Николайдың сол кезде қабағы жыртылып, жабық ми жарақатын алған болатын.

Осы оқиғаға байланысты сұхбат берген сол кездегі жедел жәрдем стансасының бас дәрігері жедел жәрдем қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына жылына осындай қауіптер төнетінін жеткізген. Ал 2021 жылы Алматы облысы Қарасай ауданы, Райымбек ауылына шақыртумен барған фельдшерді ащы суға сылқия тойып алған науқастың жұбайы соққыға жығып, оң қолын сындырған.

Жедел жәрдем қызметкерлерінен бөлек жұмыс орындарында соққыға жығылған медицина қызметкерлері де аз емес. Мысалы, Талғар аудандық орталық ауруханасында орын алған оқиғадан дәрігерлердің бірі жансақтау бөліміне түссе, екіншісіне жабық бассүйек-ми жарақаты, бас миының контузиясы, сол жақ самай аймағының жұмсақ тіндерінің контузиясы, мұрын сүйектерінің сынуы диагнозы қойылғандығын білеміз.

Айта берсек мұндай оқиғалар жеткілікті. Ал 2022 жылғы әйгілі гастроэнтеролог Юрий Шумовтың қазасы медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігі туралы мәселе өзекті екенін көрсетті.

Медицина қызметкерлері күнделікті қаншама адамның өміріне араша болып жатқанда өздерінің өмірі мен денсаулығына қауіп қайдан келерін білмейді. Күнделікті өмірдегі қызметтері бір бөлек, елде төтенше жағдайлар орын алғанда да медицина қызметкерлері алдыңғы шепте жүретіні белгілі. Оған дәлел COVID-19 және қаңтар оқиғасы кезіндегі абзал жандардың өз өміріне қауіп төнсе де басқаның өмірі үшін күрескен адал қызметтері.

Медицина қызметкерлері адам өмірінің сақшысы. Ал олардың өміріне қауіпсіздікті біз қалай қамтамасыз етудеміз?

Бүгінгі таңда дәрігерлерге қол жұмсап, күш көрсеткендер жалпыға ортақ заң бойынша жазаланады, яғни медицина қызметкерлеріне қатысты арнайы ереже жоқ. Мысалы, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның «Қызметкерлердің құқықтық жағдайы» деген арнайы тарауында «Қызметкерлердің заңды талаптарын орындамау, оларды қорлау, қарсылық көрсету, күш қолданамын деп қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қол сұғушылық, оларға жүктелген міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басқа да іс-әрекеттер заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады» деген бап бар. Ал Қылмыстық кодекстің 380-1-бабында құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі

мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өз қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық үшін қатаң жаза қарастырылған.

Аталып отырған мәселенің көтеріліп жүргеніне ұзақ жылдар өтсе де ол әлі шешімін таппауда. Осыған орай келесі мәселелерді қарастыруды:

1) медицина қызметкерлерінің мәртебесі қорғаныс және ішкі істер саласы қызметкерлерімен теңестіріліп, қызметіне кедергі келтірілмеуіне жан-жақты жағдай жасауды қолға алуды;

2) жедел жәрдем көліктерін регистраторлармен жабдықтауды және медицина қызметкерлері мен емделушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді жоспар қабылдауды;

3) медицина қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін орындау барысында денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін құқық бұзушылықтар үшін арнайы жаза тағайындау мақсатында заңдық нормалар қабылдауды сұраймыз».

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жазбаша жолданады.

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша заң талаптарына сәйкес толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары А. Толамисов, Б. Жексенбай, Ғ. Сарыбаев, А. Сатвалдиев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысы Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Шүкір, қазіргі таңда халқымыз көбейіп 20 миллионға жетіп отырмыз. Халық санының өсуімен қоса ауылдағы жұмыссыздық салдарынан өршіген урбанизация ірі қалаларымызда көпқабатты үйлердің көптеп салынуына алып келді. Сол тұрғын үйлерден әр отбасы баспана алғысы келіп әртүрлі компанияларға жүгінуде.

Қалталы азаматтарымыз бағасына қарамай тек сапа мен комфортқа мән беріп үй таңдаса, қарапайым халықтың ондайға шамасы келе бермейді. Олар үй бағасының неғұрлым қолжетімді болғанын бірінші кезекке қояды. Осыны білетін кейбір құрылыс компаниялары әртүрлі жеңілдіктермен, шаршы метрдің арзандығымен бала-шағасының аузынан жырып жинаған қаншама отбасының ақшасын жинап алып, не пәтерлерін бермей, не салған ақшасын қайтармай зар жылатып отырған жайы бар.

Әрине, үйлерін уақытылы, әрі сапалы салып, тұрғындарды қуантып жүрген құрылыс компанияларына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бірақ біздің қозғағымыз келіп отырған мәселе халықтың сенімімен ойнап, уәделі мерзімде өз үйлерін заңды түрде талап еткен клиенттерге пәтерді тегін үлестіріп жатқандай қырын қарап, құрылысты сағызша созып жүрген компаниялар туралы.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше еліміз бойынша 2021 – 2023 жылдары аралығында құрылыс компанияларымен жасалған шарттың орындалмауына байланысты

үлескерлердің арыздары негізінде Қылмыстық кодекстің 189 және 190-баптары бойынша барлығы 45 қылмыстық іс тіркеліп, 4 мың 734 үлескер зардап шекті. Олардың басым көпшілігі Астанада – 1 мың 282, Қарағандыда – 961, Ақтөбеде – 657, Атырауда – 631, Ақмолада – 457 және Алматыда – 360.

Құрылыс компаниялары басшылығының заңсыз әрекеттерінен жалпы 55 миллиард 264 миллион теңге шығын келтірілді, олардан 20 миллиард 281 миллион теңге ғана өндірілді.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ақпаратына сәйкес 2019 – 2022 жылдары аралығында бір ғана елордада проблемалық объектілердің құрылысын аяқтауға Ұлттық қордан 60 миллиард теңге, республикалық және жергілікті бюджеттерден 154 миллиард теңге бөлінген. Осылайша мемлекеттің қатысуымен Астана қаласында 120 проблемалық тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Сол арқылы 14 мыңға жуық үлескердің тұрғын үй мәселелері шешілді дейді министрлік. Сөйте тұра елімізде бүгінде 7 мыңға жуық алданған үлескер бар, олардың 4 мыңнан астамы елордада. Республика бойынша әлі де 44 проблемалық объект бар екен.

Сонымен қатар соңғы екі жылда құқық қорғау органдары заңсыз қаражат жинағаны үшін 300-ден астам компанияны әкімшілік жауапкершілікке тартып, оларға 250 миллион теңгеге айыппұл салыпты, яғни орта есеппен алғанда бір компанияға 800 мыңнан сәл асатындай айыппұл салынған екен. Бұл дегеніңіз бір пәтердің 2 шаршы метрінің бағасы ғана. Ал келтірілген залал 30 миллиард теңгеден асады екен. Айыппұл 250 миллион, залал 30 миллиард. Бұл парадокс емес пе!

Кейбір құрылыс компанияларының жауапсыздығынан үлескерлерден бөлек сол үй құрылысын жүргізіп нәпақасын тауып жүрген құрылысшылар мен құрылыс тауарларын жеткізуші кәсіпкерлердің де жапа жегіп жатқаны ешкімге жасырын емес. Құрылысшы азаматтарымыздың компаниялардан жалақыларын ала алмай әбігерге салынып жүргенін көріп те жүрміз, бірнешеуі осы мәселемен бізде қабылдауда да болды.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Аталған сомалар мен статистикалар адамды уайымдатпай қойматыны анық. Осы ретте сізге келесі сұрақтарымыз бен ұсыныстарымыз бар.

1. Үлескерлерге келтірілген шығындар күдіктілер есебінен толық өндірілмей, көпшілігі мемлекет тарапынан өндірілуде. Осы мәселені ескере отырып, құрылыс компанияларына қойылатын талаптар мен мемлекеттік бақылауды күшейту қажет.

2. Компания үйді келісім шартта көрсетілген мерзімде тапсырмаса үлескерлердің пәтер жалдау ақысын сол компанияларға міндеттеу қажет.

3. Құрылыс компанияларына іс қозғалған сәтте сол компанияларды жарнамалап жүрген түрлі блогерлер мен танымал тұлғалардың да жауапкершілігін арттыру қажет. Сондай-ақ олардың халыққа ұсынып жарнамалап жүрген компанияларына толық көзі жетіп, сосын кіріскені маңызды.

4. Заңсыз қаражат жинаушы компанияларды жауапкершілікке тарту барысында айыппұл мөлшерін сезілетіндей етіп көтеруге не кедергі?

5. Төтенше жағдайлар орын алғанда жұмсалатын Ұлттық қор қаражатын айдың-күннің аманында құрылыс компанияларына бөлу қаншалықты орынды?

Депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Г. Шиповских, Е. Больгерт, З. Кузиев, Н. Ниязова, А. Сатвалдиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Уважаемый Алихан Асханович! В мировой экономической практике автомобильная промышленность является одним из локомотивов роста рыночной экономики. Поэтому развитие полноценного производства автомобильного транспорта, как и сельскохозяйственной техники, является одним из приоритетных направлений для экономики Казахстана.

В этой связи начиная с 2015 года государством применяется такой рыночный механизм поддержки отечественного автопроизводителя, как льготный автокредит. Для этих целей с 2015 по 2022 годы выделено около 190 миллиардов тенге.

При этом если в 2016 году 79 процентов от произведенных автомобилей было реализовано через льготное автокредитование, то уже в 2017 году этот показатель упал до 9 процентов и в последующие годы балансировал на уровне от 4 до 15 процентов. Таким образом, можно заявить, что финансируемое государством льготное кредитование определяющую роль на развитие отечественного автопроизводства фактически не повлияло.

Необходимо отметить, что с 2015 года объем производства автомобилей вырос с 12 тысяч до 100 тысяч штук в 2022 году. Но здесь на рост производства повлияли такие меры, как предоставление налоговых льгот и преференций, таможенные барьеры для импорта автомобилей и другие государственные меры.

К слову, соседняя страна производит автомобилей втрое больше, чем мы. Только за первое полугодие 2023 года произвели 150 тысяч автомобилей, а к 2030 году планируют производить до 1 миллиона автомобилей в год.

Кроме того, поддерживая отечественного автопроизводителя, наше государство рассчитывает на повышение казахстанской составляющей в производимой ими продукции. Так, согласно данным Национального Банка, с 2020 года доля импорта крупных узлов для промышленной сборки легковых автомобилей в стране не снижается и сохраняется на уровне 40 процентов. В то же время заявляется о выпуске очередной модели мелкоузловой сборки, при этом не меняются статистические показатели.

В Казахстане производятся аккумуляторы, автошины, есть возможности производства пластмассовых изделий и другого.

Устанавливаются ли на собранные в Казахстане автомобили отечественные аккумуляторы, колеса и прочие комплектующие? Здесь есть много вопросов.

Льготное автокредитование страны преследует также такие цели, как обновление автомобильного парка и повышение общей обеспеченности населения автотранспортом.

Согласно данным Бюро национальной статистики, на 1 октября 2023 года по обеспеченности населения легковыми автомобилями в личной собственности на 1000 человек приходится 186 легковых автомобилей, в то же время в России данный показатель составил 318, в Беларуси – 323.

Для обновления автопарка государством была введена такая мера, как первичная регистрация ввозимых авто. Стоимость первичной регистрации зависит от возраста ввозимых автомобилей. Это должно было сделать невыгодным ввоз старых автомобилей, однако по факту это привело к удорожанию всех транспортных средств.

Внедрение утилизационного сбора также значительно повлияло на повышение цен на транспорт. В итоге на начало прошлого года в общем числе зарегистрированных автомобилей доля транспорта годом выпуска свыше 20 лет составляет 51 процент, 21 процент автопарка – это машины от 10 до 20 лет, лишь 8 процентов автотранспортных средств имеют год выпуска менее трех лет.

Также необходимо отметить, что объем предоставляемых банками второго уровня льготных автокредитов запросов населения не покрывает. Об этом свидетельствует окончание лимита за 18 секунд на созданной платформе «Autonesie.kz».

И много других вопросов возникает в развитии отечественного автопроизводства.

Уважаемый Алихан Асханович, просим дать ответ по рассмотрению данного депутатского запроса в установленные законом сроки.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, члены Комитета по финансам и бюджету». Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысының орынбасарына.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Ауылды алтын бесікке, мәдениетіміздің мәйегіне, ұлт руханиятының өзегіне теңейміз. Ал ауылдың мәдени өмірі жұтаң тартып бара жатқан жоқ па!

Құбылған заманда құбыладан жаңылмас үшін құндылықтар қажет екені белгілі. Біз вандализм көбейді, қатыгездік артты, аялдаманы қирататын, жедел жәрдем жүргізушісін ұратын жүгенсіздік қайдан шықты, мәдениетіміз неге төмендеді деген сұрақты жиі қоямыз.

Мәдениет үйі жоқ жерде мәдениет қайдан болсын, қайдан оңсын!?

Бұл ретте елді мекендердегі, әсіресе шалғай ауылдардағы мәдениет үйлері мен клубтардың жай-күйі, техникалық базасы сын көтермейтіні жасырын емес. Олардың басым көпшілігі тоқсаныншы жылдары жекешеленіп кетті. Қазір жұмыс істеп тұрған 2035 мәдениет үйінің 770-і және 2006 ауыл клубының 608-і күрделі жөндеуді қажет етеді. Кейбірінің тозығы жетсе, енді бірі апаттық жағдайда тұр. Мәселен, біз таяуда жұртшылықпен кездескен Түркістан облысында 625 елді мекенде мәдениет үйі жоқ. Мұндай мысалдарды әр өңірден келтіруге болады.

«Адамды адамзат еткен – кітапхана», – деген Әбіш Кекілбаев. Елімізде 3 мың 891 кітапхана болса, соның 79 пайызы ауылдық жерлерде екен. Алайда ауыл кітапханаларының

60 пайыздан астамы ескірген. Айталық, біз барған Сайрам ауданындағы орталық кітапхана 1968 жылы салынған.

Кітапханалардың материалдық-техникалық базасы нормативтік талаптарға сай емес. Жалақасы төмен болғандықтан маман тұрақтамайды.

Көптеген кітапханаларды кезінде мектептерге қосып жібергені белгілі. Қарапайым тұрғындар оны пайдалана алмайды. Мәдениетке көбіне «қалдық принципімен» қарайтын жергілікті атқарушы органдар бөлетін мардымсыз қаржы кітап қорын толықтыруға жетпейді. Мың данамен шыққан кітап қайдан жетсін? Әсіресе көркем әдебиет жетіспейді. Көркем ниет – өркениет өзегі десек, ол көркем әдебиет оқу арқылы қалыптасады.

Ауыл спорты туралы айту тіпті қиын. 2 мың 270 елді мекенде (47 пайыз) спорттық нысан жоқ. Ауыл тұрғындары мектеп спорт залдарын пайдалана алмайды.

Мектеп бітірген ауыл жастары мен тұрғындары демалыстарын тиімді өткізетін, өздерін дамытатын мәдени ошақтар аз, шығармашылықпен айналысуға домбыра, қолөнер сияқты қарапайым үйірмелер жетіспейді. Ал ауылда мәдени инфрақұрылым болмай креативті индустрияның дамуы қиын. Арадағы мәдени алшақтық ұлғайған сайын ауылдан қалаға ағылған жастардың қатары артып келеді. Олардың қалаға жақсы жұмыспен бірге жайлы тұрмыс, мәдени орта іздеп келетіні анық. Жүйесіз урбанизация мәдени иммунитеті төмен маргинал жастардың қатарын көбейтеді.

Кітапханасы тозған, бас қосатын мәдениет үйі ескірген, кино көруге, концерт тамашалауға, спортпен айналысуға жағдайы жоқ ауыл жастары мен тұрғындар сонда немен айналысады?

«Қазақстан жастары» мекемесінің зерттеуіне сүйенсек, елімізде жастардың көпшілігі бос уақытын әлеуметтік желіде (74,3 пайыз) және интернетте онлайн фильмдер қараумен (63,6 пайыз) өткізеді екен.

Әрине, бұл жылдар бойы қордаланған мәселе. Президенттің жаңа мерзімдегі алғашқы жарлығы ауылды дамыту жөнінде болды. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында атқарылып жатқан істер аз емес. 2021 жылдан бері кітапхана қызметкерлерінің жалақысы да артып келеді. Жастарды жұмыспен қамту үшін қаржы бөлінуде. Ал ауылдағы мәдени өмірдің сапасын жақсартуға қашан басымдық беріледі?

Әлеуметтік-экономикалық ахуал жақсарып, жаңа мектептер салынып жатқанда ауыл тұрғындары өздерін жайлы сезіну үшін мәдениет ошақтарын да жаңалау шарт. Ауыл жастары мен тұрғындары мәдени дискриминацияға ұшырамауы тиіс.

Мемлекет басшысы құрылтайда тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана ашуды армандайтынын айтқан еді. Соған сәйкес ауыл кітапханалары салына ма? Жалпы ауылдың мәдени өмірін дамытуға арнайы бағдарлама бола ма?

Құрметті Тамара Босымбекқызы! Заңға сәйкес осы сауалдарға толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Д. Қыдырәлі, Ә. Бектаев, Ғ. Сарыбаев, А. Сатвалдиев, А. Қапбарова, Г. Шиповских, М. Қадырбек, Р. Рүстемов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутатский запрос адресован Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляр, Министру транспорта Республики Казахстан, Директору Пограничной службы Республики Казахстан.

В рамках встречи, проведенной мною с общественностью Актюбинской области, был поднят ряд проблемных вопросов, требующих решения.

При этом из всех обозначенных проблем наиболее актуальными являются следующие вопросы, которые необходимо решить в скором времени. В частности, это касается пункта пропуска «Жайсан» на границе с Российской Федерацией, где из-за большого скопления как легковых, так и грузовых автомобилей проходимость граждан через границу затягивается на 7-8 часов и протяженность очереди на границе порой достигает 10 километров. В результате создается нездоровая и неблагоприятная обстановка на границе, которая в конечном итоге негативно отражается на имидже страны.

Кроме того, аналогичная ситуация и по пограничному посту как с казахстанской стороны, так и с российской стороны, где для регистрации из 4-5 окон функционируют всего 1-2 окна, из-за чего разом образовывается очередность до 40 человек.

Для наведения порядка дополнительных финансовых средств не требуется. В данном органе имеются подготовленные оперативные подразделения, которые могут навести порядок в собственных рядах, в том числе антикоррупционного характера.

Надо отметить, что указанные обстоятельства имеют продолжительный характер и по сей день не находят своего решения.

По вопросу железнодорожных вокзалов. Основное технологическое назначение железнодорожных вокзалов – это обеспечение безопасного, качественного обслуживания пассажиров при прибытии, нахождении и отправлении их с железнодорожной станции, а также предоставление качественных услуг населению. Это самое святое и главное, что есть в функциональных обязанностях АО «Қазақстан темір жолы».

Однако в реалии на сегодня железнодорожные вокзалы и станции в целом по стране не соответствуют требованиям Правил организации деятельности железнодорожных вокзалов, утвержденных приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 23 января 2015 года № 55, не говоря уже о мировых стандартах, европейских стандартах, стандартах соответствующих услуг некоторых соседних государств содержания таких объектов, и находятся в плачевном состоянии, что не позволяет на должном уровне обеспечивать население необходимыми услугами, не говоря о качестве оказания услуг и обеспечении комфорта.

Соответственно, хотелось бы получить ответ от АО «Қазақстан темір жолы», насколько ответственно исполняется вышеуказанный приказ уполномоченного государственного органа?

Таким образом, сложившиеся обстоятельства свидетельствуют о неполучении гражданами гарантированных государством услуг, что в конечном итоге негативно накладывает на настроение населения.

В этой связи, а также с учетом актуальности и во избежание возникновения подобных рисков прошу рассмотреть данный депутатский запрос в приоритетном порядке и предоставить информацию о принятом решении в установленные законом сроки.

С уважением, депутат Нугманов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер, осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2024 жылғы 1 ақпан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Протокол об условиях и переходных положениях по применению Кыргызской Республикой Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, отдельных международных договоров, входящих в право Евразийского экономического союза, и актов органов Евразийского экономического союза в связи с присоединением Кыргызской Республики к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, подписанный 8 мая 2015 г.», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету
МАКЕЖАНОВА С.А. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

РЫСБЕКОВА Л.Т. 2
ТЕМІРБЕКОВ Д.О. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі,
вице-министр финансов Республики Казахстан 2
ЕРШОВ С.М. 3
ТЕМІРБЕКОВ Д.О. 3
ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. 4
ТЕМІРБЕКОВ Д.О. 4
НИЯЗОВА Н.И. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам образования, наставничества и безопасности детей», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
А. НУХУЛЫНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке
НУХУЛЫ А. 6

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

МЕДЕБАЕВ С.Т.	7
ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В. – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министр, первый вице-министр просвещения Республики Казахстан	8
ЖҮСІП Н.Б.	9
АРҒЫНБЕКОВА А.С.	9
ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В.	10
САРЫБАЕВ Ғ.Т.	12
ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В.	13
НИЯЗОВА Н.И.	13
ЖҰМАДІЛДАЕВА Н.В.	14
ЖҮНИСОВ Т.Т.	15

Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 16

Депутат А.Ғ. ТОЛАМИСОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТОЛАМИСОВА А.Ғ. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б. 17

Депутат Г.Г. ШИПОВСКИХТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ШИПОВСКИХ Г.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.

Депутат С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МАКЕЖАНОВА С.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 21


Депутат Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІНІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ҚЫДЫРАЛИ Д.К. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дүйсеновой Т.Б..... 22

Депутат А.Ғ. НҰҒМАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға, Қазақстан Республикасының Көлік министрі М.К. Қарабаевқа, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры Е.Е. Алдажұмановқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУГМАНОВА А.Г. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В., Министру транспорта Республики Казахстан Карабаеву М.К., заместителю Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан – Директору Пограничной службы Алдажұманову Е.Е. 24

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Əliyev

Стенографиялау қызметінің
басшысы



Г. Молдашева